

# Көше көркейе түспек

**Биыл қаламызды көріктендіру ісіне көп көңіл бөлініп отыр. М.Әуезов көшесінің бойында бой көтере бастаған шағын архитектуралық формалар - осының бір айғағы. Әкімдікте өткен кезекті мәжілісте аталмыш көшені одан әрі көріктендіре түсу жолдары қарастырылды.**

Сәулет және қала құрылысы бөлімі қала әкімінің тапсырмасымен М.Әуезов көшесінің бойында (Мәшһүр Жүсіп көшесінен Абай көшесіне дейінгі жұп бөлігінде) «Арт-аллея» құрудың жобасын жасапты. Бүгінде осы жобаның біртіндеп жүзеге аса бастағанын тұрғындар байқаған да болар. Көше бойындағы шағын архитектуралық формаларды орнатуға «Промтехмонтаж», «Маис», «Қуат басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және т.б. қолұшын беріпті.

Мамандардың айтуынша, аталмыш шаралар көшені көріктендіру үшін әлі де жеткіліксіз. Ендігі мақсат осы жекелеген композицияларды тұтас архитектуралық ансамбльге айналдыру болып отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қала тұрғындары ортақ іске бір кісідей атсалысуы қажет. Әсіресе, ірі сауда орталықтарының басшылары қаламызды көркейтуге өз үлестерін қосар деген үміт мол. Қаламыздың әлеуетті кәсіпорындары игі бастамаға қолұшын берсе, көп ұзамай М.Әуезов көшесінің бойында әсем архитектуралық ансамбль түзілмек. Қолға алынған жоба ойдағыдай іске асса, «Арт-аллея» қала тұрғындары мен қонақтарының көз қуанышына айналар еді.

**Т.ӘБІЛДА**